

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Коммерциялық емес акционерлік қоғамы

ҒҰМАРБЕК ДӘУКЕЕВ АТЫНДАҒЫ АЛМАТЫ ЭНЕРГЕТИКА  
ЖӘНЕ БАЙЛАНЫС УНИВЕРСИТЕТІ

Электр машиналары және электр жетегі кафедрасы

«Қорғауға жіберілді»

Кафедра меңгерушісі

т.ғ.к., профессор Оржанова Ж.К.

(аты-жөні, ғылыми дәрежесі, атағы)

«        »        20        ж.

(қолы)

ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС

Тақырыбы: Шахта конвейерінің асинхронды электржетегінің басқару жүйесін  
құрастыру

5B071800 - «Электр энергетикасы»

мамандығы бойынша

Орындаған Максұтов Али Бауыржанович

ЭЭ(ЭАТК)к-17-5

(аты - жөні)

(тобы)

Жетекші Алмуратова Нургуль Канаевна, PhD докторы

(аты-жөні, ғылыми дәрежесі, атағы)

«        »        20        ж.

(қолы)

Кенесшілер:

Техникалық бөлімі бойынша:

Алмуратова Нургуль Канаевна, PhD докторы

(ғылыми дәрежесі, атағы, аты-жөні)

«        »        20        ж.

(қолы)

Экономикалық бөлім бойынша:

Абильдина Айнұр Шахизадина, э.ғ.к., доцент

(ғылыми дәрежесі, атағы, аты-жөні)

«        »        20        ж.

(қолы)

Өмір тіршілігі қауіпсіздігі бойынша:

Байзакова Саягуль Мұхтаровна, аға оқытушы

(ғылыми дәрежесі, атағы, аты-жөні)

«        »        20        ж.

(қолы)

Пікір жазушы:

(ғылыми дәрежесі, атағы, аты-жөні)

«        »        20        ж.

Алматы 2021

# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Коммерциялық емес акционерлік қоғамы

## ҒҰМАРБЕК ДӘУКЕЕВ АТЫНДАҒЫ АЛМАТЫ ЭНЕРГЕТИКА ЖӘНЕ БАЙЛАНЫС УНИВЕРСИТЕТІ

Электр энергетика және электр техника институты  
5B071800 - «Электроэнергетика» мамандығы  
Электр машиналары және электр жетегі кафедрасы

жұмысты орындауға берілген

### ТАПСЫРМА

Студент Максутов Али Бауыржанович  
(аты - жөні)

Жұмыс тақырыбы: Шахта конвейерінің асинхронды электржетегінің басқару жүйесін құрастыру

Ректордың «27» 10 2020 №217 бұйрығы бойынша бекітілген.  
Аяқталған жұмысты тапсыру мерзімі: «17» мамыр 2020 ж.

Жұмысқа бастапқы деректер (талап етілетін жұмыс

нәтижелерінің параметрлері және нысанның бастапқы деректері)

Конвейер қондырғысының техникалық параметрлері: Конвейер ұзындығы 15 м;  
Конвейердің иіліу бұрышы 30; Жетектің беру механизмінің ПӘК 0,9; Бір метр  
лентаның салмағы 15; Конвейер өнімділігі 63; Жылдамдығы 1,6; Лентаның  
ұзындығы 800 мм, электр қозғалтқышының параметрлері және  
сипаттамалары

Дипломдық жұмыста әзірлеуге жататын сұрақтар тізімі немесе қысқаша мазмұны:

1. Ленталы конвейердің жұмыс істеу технологиясы
2. Технологиялық процесстің анықтамасы және сипаттамасы
3. Шахталы конвейердің жұмыс істеу принципі мен құрылысы
4. Айнымалы тоқты электр жетегін басқарудың анықтамасы және ерекшеліктері
5. Қосындылау күшейткішінен тұратын КТТ-АҚ электр жетегінің басқару жүйесі
6. Шахта конвейерінің басқару жүйесін құру
7. Бір қозғалтқыштан тұратын асинхронды электр жетегі
8. КТТ-АҚ жүйесінің құрылымдық сұлбасы
9. Өмір тіршілік қауіпсіздігі бөлімі

## 10. Экономикалық бөлім

Сызба материалдарының (міндетті түрде дайындалатын сызуларды көрсету) тізімі

1. Ленталы конвейердің кинематикалық сұлбасы

2. Шахтада қолданылатын ленталы конвейердің құрылысы

3. КТТ-АҚ-ң тұйықталған жүйесінің функционалды сұлбасы және сипаттамалары

4. Жылдамдық пен ток бойынша кері байланыстан тұратын ЭЖБЖ-ң функционалды сұлбасы

5. Кернеуді тиристормен түрлендіргіш жүйесінің құрылымдық сұлбасы

6. Екі қозғалтқышты электр жетегінің MATLAB бағдарламасы бойынша құрылған құрылымдық сұлба

7. Қозғалтқыш жылдамдығының өтпелі процесінің сызбасы

8. Өмір тіршілік қауіпсіздігі

9. Экономикалық бөлім

Негізгі ұсынылатын әдебиеттер:

1. Удут Л.С., Мальцева О.П., Кояин Н.В. Проектирование и исследование электроприводов. Часть 8. – Асинхронный частотно-регулируемый электропривод: Учебное пособие. – Томск: Изд. ТПУ, 2010.

2. Н.В. Кояин, О.П. Мальцева, Л.С. Удут. Асинхронный частотно-регулируемый электропривод. Имитационные модели в среде модели MATLAB-Simulink. Исследование электропривода посредством компьютерного моделирования: учебное пособие. – Томск: Изд. ТПУ, 2013.

3. Шеховцев П.В. Расчет и проектирование ОУ и электроустановок промышленных механизмов / М.: ФОРУМ, 2010.

Жұмыс бойынша бөлімшелерге қатысты белгіленген кеңесшілер

Бөлімшелер	Кеңесші	Мерзімі	Қолы
Техникалық бөлім	Алмуратова Н.К.	17.05.2021	
Өмір тіршілік қауіпсіздігі	Байзакова С.М.	21.04.2021	
Экономикалық бөлім	Абильдина А.Ш.	10.03.2021	

Диплом жұмысын дайындау

К Е С Т Е С І

№ p/c	Тарау аттары, әзірленетін сұрақтардың тізімі	Жетекшіге ұсыну мерзімдері	Ескерту
1.	<i>Ленталы конвейердің жұмыс істеу технологиясы</i>	<i>18.11.2020</i>	
2.	<i>Технологиялық процесстің анықтамасы және сипаттамасы</i>	<i>17.12.2020</i>	
3.	<i>Шахталы конвейердің жұмыс істеу принципі мен құрылысы</i>	<i>14.01.2021</i>	
4.	<i>Айнымалы тоқты электр жетегін басқарудың анықтамасы және ерекшеліктері</i>	<i>12.02.2021</i>	
5.	<i>Қосындылау күшейткішінен тұратын КТТ-АҚ электр жетегінің басқару жүйесі</i>	<i>25.02.2021</i>	
6.	<i>Шахта конвейерінің басқару жүйесін құру</i>	<i>04.03.2021</i>	
7.	<i>Бір қозғалтқыштан тұратын асинхронды электр жетегі</i>	<i>08.04.2021</i>	
8.	<i>КТТ-АҚ жүйесінің құрылымдық сұлбасы</i>	<i>22.04.2021</i>	
9.	<i>Өмір тіршілік қауіпсіздігі бөлімі</i>	<i>21.04.2021</i>	
10.	<i>Экономикалық бөлім</i>	<i>30.04.2021</i>	

Тапсырманың берілген уақыты « 18 » қараша 2021 ж.

Кафедра меңгерушісі \_\_\_\_\_ Оржанова Ж.К., т.ғ.к., профессор  
(қолы) (аты-жөні, ғылыми дәрежесі, атағы)

Жұмыс жетекшісі \_\_\_\_\_ Алмуратова Н.К., PhD докторы  
(қолы) (аты-жөні, ғылыми дәрежесі, атағы)

Орындалатын тапсырманы қабылдаған студент \_\_\_\_\_ Максұтов А.Б.  
(қолы) (аты -жөні)

## Аңдатпа

Бұл дипломдық жұмыста «КТТ – АҚ» жүйелерімен екі қозғалтқышты электр жетегінің құрылымдық сұлбасын құру қарастырлған. Ленталы конвейердің екі қозғалтқышты электр жетегінің басқару жүйесінің синтезі, жылдамдық бойынша кері байланысы бар «КТТ – АҚ» тұйық контурлы жүйесінің параметрлерімен орындалды.

Өмір тіршілік қауіпсіздігі бөлімінде электр қауіпсіздігі мен зиянды өндірістік факторлар қарастырылып, көмір шахтасындағы еңбек жағдайына талдау жүргізіліп, жұмыс орнының жарықтануы мен жасанды жарықтандыруға есептеулер жүргізілген.

Экономикалық бөлімде шахта конвейерінің екі қозғалтқышты электр жетегінің екі баламалы жүйесінің техникалық-экономикалық көрсеткіштерін салыстырмалы талдау арқылы экономикалық тиімділікті бағалау жүргізілген. Нәтижесінде экономикалық тұрғыдан тиімді нұсқа таңдалған.

## **Аннотация**

В дипломной работе рассматривается создание структурной схемы двухдвигательного электропривода с системой «ТПН - АД». Синтез системы управления двух двигательного электропривода ленточного конвейера выполнен с параметрами замкнутой системы «ТПН-АД» с обратной связью по скорости.

В разделе безопасности жизнедеятельности учитывается электробезопасность и вредные производственные факторы, анализируются условия труда в угольной шахте, производится расчет освещения рабочего места и искусственного освещения.

В экономическом разделе экономическая эффективность оценивалась путем сравнительного анализа технико-экономических показателей двух альтернативных систем электропривода шахтного конвейера. В итоге был выбран экономичный вариант.

## **Annotation**

In the diploma work, the creation of a structural diagram of a two-motor electric drive with the «thyristor voltage converter - asynchronous motor» system. The synthesis of the control system for the two motor electric drive of the belt conveyor is performed using the closed-loop system «thyristor voltage converter - asynchronous motor» with speed feedback.

The life safety section takes into account electrical safety and harmful production factors, analyzes working conditions in a coal mine, calculates workplace lighting and artificial lighting.

In the economic section, the economic efficiency was assessed through a comparative analysis of the technical and economic indicators of two alternative systems for the electric drive of the mine conveyor. As a result, an economical option was chosen.

## Мазмұны

Кіріспе	9
1 Ленталы конвейердің жұмыс істеу технологиясы	10
1.1 Технологиялық процесстің анықтамасы және сипаттамасы	10
1.2 Шахталы конвейердің жұмыс істеу принципі мен құрылысы	10
1.3 Айнымалы тоқты электр жетегін басқарудың анықтамасы және ерекшеліктері	12
1.4 Қосындылау күшейткішінен тұратын КТТ-АҚ электр жетегінің басқару жүйесі	13
2 Шахта конвейерінің басқару жүйесін құру	17
2.1 Бір қозғалтқыштан тұратын асинхронды электр жетегі	17
2.2 КТТ-АҚ жүйесінің құрылымдық сұлбасы	18
2.3 Шахта конвейерінің электр жетегінің MATLAB бағдарламасы бойынша құрылымдық сұлбасы және математикалық моделі	22
2.4 Ленталы конвейердің екі қозғалтқыштан тұратын электр жетегінің қозғалуының тұрақтылығы	25
2.5 Ленталы конвейердің екі қозғалтқышты электр жетегінің параметрлерін синтездеу	29
3 Өміртіршілік қауіпсіздігі	33
3.1 Электр қауіпсіздігі және зиянды өндірістік факторлар	33
3.2 Көмір шахтасындағы еңбек жағдайын талдау	33
3.3 Жұмыс орнының жарықтануын есептеу	35
3.4 Жасанды жарықтандыруды есептеу	37
4 Дипломдық жұмыстың экономикалық негіздемесі	41
4.1 Техникалық деректемелері	41
4.2 Жетек шығындарын есептеу	41
4.3 Пайдалану шығындарын есептеу	43
4.4 Жылдық шығындарды есептеу	51
Қорытынды	53
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	54



## Кіріспе

Технологиялық процестерді кешенді механикаландыру және автоматтандыру, компьютерлерге негізделген басқарудың автоматтандырылған жүйелерінің техникалық прогрестің маңызды бөлігі болып табылады. Қазіргі заманғы тау-кен кәсіпорны күрделі әртүрлі өндірістік механизмдердің өзара байланысқан кешенінен тұрады. Олардың электр жетектері басқарудың заманауи жүйелерін пайдаланбай жұмыс жасау мүмкін емес. Жаңа электр жетектерінің жүйелерін пайдалану тау-кен машиналары мен механизмдерінің өнімділігін арттыруға, капиталды және пайдалану шығындарын азайтуға, өндірістік процестердің сенімділігі мен тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Қазіргі уақытта өндірісте электрониканы, түрлендіргіштерді, микропроцессорлық техникаларды қолдану арқылы автоматтандырылған басқару жүйесінен тұратын электр жетекті қолдану кең таралған.

Дипломдық жұмыс конвейер қондырғысының жұмысын автоматты және қолмен басқаруды қамтамасыз ететін қозғалтқыштың қоректену кернеуінің жиілігін түрлендіруге және конвейер қондырғысының электр жетегінің басқару жүйесін құруға арналған.

Конвейер жетегі электр қозғалтқышының айналу моментін конвейер лентасының қозғалысына беруге арналған және электр қозғалтқышынан, редуктордан және оларды біріктіретін серпімді муфтадан тұрады.


Жетектің жұмысы келесідей: қосылған электр қозғалтқышы муфта арқылы редукторды қозалысқа келтіреді, оның орталық білігіне конвейер қондырғысының жетек барабаны орнатылған.

Конвейер қондырғысының жетегіндегі жүктеменің артуымен немесе төмендеуімен теріс кері байланыс арқылы ток релесінен кернеу алынады. Ол сигналды түрлендіру блогнда түзетіліп тұрақталған сигнал түрінде жиілік түрлендіргішіне беріледі, сәйкесінше конвейер қондырғысының жетек қозғалтқышының айналу жылдамдығын төмендетеді немесе жоғарылатады.

# 1 Ленталы конвейердің жұмыс істеу технологиясы

## 1.1 Технологиялық процесстің анықтамасы және сипаттамасы

Ленталы конвейер деген әртүрлі аймақтарда жүктерді тасымалдауға қолданылатын, үздіксіз жұмыс жасай алатын машинаның бір түрі.



1- қозғалтқыш; 2, 4 – муфталар, 3 – редуктор, 5 – конвейер.

1.1 сурет – Ленталы конвейердің кинематикалық сұлбасы

Жүкті үздіксіз тасымалдайтын технологиялық процесс әртүрлі жүкті үздіксіз тасымалдаумен сипатталады.


Жүктелген жүк конвейердің лентасына тиеледі. Жүк тиелген конвейер элементтерінің жұмыс істеу және бос жүріс (кері) қозғалысы бір уақытта орындалады. Жүкті тоқтаусыз тиеу мен жүктеу, элементтерінің жұмыс істеу және бос жүріс (кері) қозғалыстарын алмастыра отырып орындалуы үздіксіз жұмыс жасайтын машинаның тиімділігі болып саналады.

Ленталы конвейердің жүйесінің қарапайымдылығы, автоматты басқару мен жұмысын бақылау, күрделі аумақтарда тасымалдауға айтарлықтай сенімділіктен тұрады.

## 1.2 Шахталы конвейердің жұмыс істеу принципі мен құрылысы

Шахтада қолданылатын ленталы конвейердің құрылысы 1.2 суретте бейнеленген. Конвейердің тасымалдау және тарту бөлігі жоғарғы және төменгі тармақтармен 6, 17 дөңгелек тіреуіштерге бекітілген 9 лента. Сонымен қатар лента конвейердің төменгі бөлігіндегі 10 жетек пен 2 тартатын барабанға келіп иіледі. Жеке-жеке бөлшектерден тұратын жүктерді тасымалдау үшін қысқа конвейерді қолданған ыңғайлы. Оның жұмыс тармағындағы лентасы ағаш немесе металды төсеніште сырғыйды. Жетек

барабаны лентаның тығыс қозғалысын жүзеге асырады. Лентаны тарту барабаны жүктеу немесе винтті түріне қарай 1 тартатын құрылғының көмегімен лентаның қозғалатын тармақтарында алғашқы тартылысты тудырады. Конвейердің төменгі бөлігіндегі 2 барабанда орналасқан 3 жүктеу ыдысынан лентаға сусымалы жүк келіп түседі. Лентадағы жүкті тиіп алу үшін қозғалатын 7 тиеу арбасы немесе стационарлы күрек тәріздес жүкті тиіп лақтырғыш қолданылады.



1.2 сурет – Шахтада қолданылатын ленталы конвейердің құрылысы

Капронды немесе резиналы 11 айналатын щеткалар лентада қалып қойған сусымалы жүктердің шаңынан тазарту үшін қолданылады.

Лентаның екі тармағының қозғалысын ортақтандыру үшін және олардың көлденең ауытқуын болдырмау үшін әртүрлі орталандырудың 5 дөңгелек тіреуіштерін қолдану қажет. Тармақтар жолына дөңгелектен тұратын батареялар орналастырылады. Ол лентаның немесе 4 ауытқитын барабанның баяу иілуін жүзеге асырады.

Шахтада қолданылатын ленталы конвейердің жетегі 10 жетек барабанынан, 14 электр қозғалтқышынан, 13 редуктордан және жалғанған муфталардан тұрады. Жетек механизмінің негізгі сипаттамаларына қозғалтқыш қуаты, редуктордың беру саны, айналу моменті т.б. жатады.

Жетек ретінде қысқа тұйықталған роторлы асинхронды қозғалтқыш немесе фаза роторлы асинхронды қозғалтқыш қолданылады. Қысқа тұйықталған роторлы асинхронды қозғалтқыш қатаң реттелмейтін сипаттамадан тұрады, ал фаза роторлы асинхронды қозғалтқыш реттелетін

сипаттамадан тұрады. Іске қосу кезінде олардың айналу моменті мен іске қосылу уақыты өзгереді. Ленталы конвейердің жұмысын тез тоқтату үшін немесе жүктелген лента кері қозғалып кетпеуі үшін тежеу қолданылады.

15 белгіленген металды бұйымда ленталы конвейердің барлық элементтері жөнделеді. Металды бұйым мен жетек жетек станциясы деп аталынады. Жүктеу аймағы мен лентаны тарту құрылғысы лентаны тарту станциясы деп аталынады. Осы екі станциялар арасында сызықты бөліктерден тұратын конвейердің ортанғы бөлігі орналасады.

Қозғалатын және лентаны тарту органы ретінде беті тегіс резина маталы немесе резина тросты лента қолданылады. Резина маталы түрі алыс емес аумаққа жүкті тасымалдауға қолданылады, ал резина тросты түрі магистальді конвейерлерде қолданылады.

Лентаны тартудың төзімділігі төсәлінетін матаның мықтылығына және оның резина маталы лента үшін санына байланысты болады. Жүктің және қоршаған ортаның температурасына байланысты ленталар жылу мен суыққа төзімділігі бойынша ажыратылады. Конвейердің лентасы жоғарғы тармақтың 6 дөңгелек тіреуішіне және төменгі тармақтың 17 дөңгелек тіреуішіне орналастырылады.

### **1.3 Айнымалы токты электр жетегін басқарудың анықтамасы және ерекшеліктері**

Айнымалы токты электр жетегінің басқару жүйелері электр жетегінің басқарылатын координаттарын үздіксіз бақылау үшін әр түрлі кері байланыстан тұратын, «жиілікті басқарылатын-қозғалтқыш» принципі бойынша тұрақты токты жүйеге ұқсас тұрғызылады.

Мұндай жүйелердегі басқарылатын түрлендіргіштер айнымалы кернеу және жиілікті түрлендіргіштері (ЖТ) болып табылады. Қарапайым аз вентильді айнымалы ток кернеуінің түрлендіргіші (КТТ) КТТ-АҚ типті басқару жүйесін құруға мүмкіндік береді. Ол электр жетек жылдамдығын үкен емес аумақта реттеуге, талап етілген статикалық және динамикалық сипаттамаларды құруға, энергетикалық және технико-энергетикалық көрсеткіштерін жақсартуға қолданылады.

Бастару жүйелерінде айнымалы токты электр жетектерді және айнымалы токты қолдану асинхронды немесе синхронды электр жетегін құруға көмектеседі. Оларға мыналар жатады: ЖТ-АҚ немесе ЖТ-СҚ жүйелері, электр жетек моменті мен жылдамдығын жиілікті басқарумен қамтамасыз ететін екі қоректендіру көзі бар қозғалтқыш жүйелері. Жиілікті түрлендіргіш ретінде тікелей байланыссыз жиілікті түрлендіргіштер мен тұрақты токты буынмен ток және кернеу автономды инверторлары қолданылады. Мұндай жүйелер жиілікті – токты басқарумен, векторлы координаттан тұратын реттеуге бағыныңқы принцип бойынша статикалық режимде жылдамдықты жоғарғы деңгейде реттеуді қамтамасыз етеді және динамикалық режимде тез әсерлігі жоғары болады.

#### 1.4 Қосындылау күшейткішінен тұратын КТТ-АҚ электр жетегінің басқару жүйесі



Ажыратылған жүйенің  $\alpha$  бұрышын реттеу кезіндегі механикалық сипаттамасы 1.3 суретте көрсетілген. Мұндай жүйе жылдамдықты реттеуді қамтамасыз етпейді. Жылдамдықты реттеу мен қатаң механикалық сипаттаманы алу үшін сигналы тахогенератор (жылдамдық датчигі) арқылы берілетін қозғалтқыштың кері байланысы бойынша тұйық басқару жүйесі қажет. Сонымен қатар ротор (фаза роторлы қозғалтқыш үшін) немесе статор тогы мен кернеуі бойынша кері байланыс қолданылады. КТТ-тен тұратын басқару жүйесіндегі мұндай байланыстардың параметрлерін есептеу ток пен кернеудің пішіні синусойдалы болмауына байланысты күрделі болып келеді.

Қатаң механикалық сипаттама алынатын КТТ-тен тұратын электр жетегінің басқару жүйесінің функциональды сұлбасы 1.3, а суретте көрсетілген. Қозғалтқыш жылдамдығын берілген  $D = \omega_{\max}/\omega_{\min}$  аймақта реттеудің механикалық сипаттамасы 1.3, б суретте келтірілген. Жылдамдықты беру  $U_6$  беру кернеуі арқылы RP жылдамдық датчигімен орындалады. Жылдамдық бойынша кері байланыс BR тұрақты токты тахогенератормен орындалады. Басқару сигналы А күшейткішіне (сипаттамасы 1.3, в суретте көрсетілген) беріледі. Күшейткіштің  $U_{ш}$  шығыс кернеуі  $U_{ш, \max}$  мәніне дейін күшейткіштің кірісіне қосылған V2 стабилитрон арқылы шектелген. Керу  $U_{ш}$  импульсті-фазалы басқару жүйесіндегі (ИФБЖ) КТТ-ке беріледі, оның реттеу сипаттамасы 1.3, г суретінде көрсетілген.

Орнықты жұмыс режимінде қозғалтқыштың жүктемесін өзертте отырып жылдамдығын тұрақтандыру келесі кезеңмен орындалады: Жүктемесі аз болғанда  $M_c < M_{c1}$  (1.5, в суретте сипаттамасы көрсетілген) қозғалтқыш жылдамдығы синхрондыға жақын болады және  $U_6 - U_{ж}$  кернеулер айрымы теріс болады.  $V_1$  диоды басқару тогын өткізбейді,  $U_{ш} = 0$  және тиристормен  $\alpha_{\max}$  басқару бұрышы жоғары, КТТ-ң шығыс кернеуі төмен, қозғалтқыш жылдамдығы  $\alpha_1$  болғандағы сипаттамамен анықталады.  $M_c = M_{c1}$  болғанда,  $\omega_1$  жылдамдықта  $U_{ж} = U_{61}$  болады. Жылдамдықты одан әрі төмендетсе  $V_1$  диоды ашылады, түрлендіргішті басқаратын кернеу пайда болады және ИФБЖ-ң тиристорларының басқару бұрышы төмендейді, осының салдарынан қозғалтқыш статорындағы орамдағы кернеу жоғарылайды. Бұл жағдайда қозғалтқыш жылдамдығы  $\alpha_2, \alpha_3, \alpha_4, \alpha_5$  мәндерінде 2, 3, 4, 5 нүктелерде аралық сипаттамалармен анықталады.

Жүктемені жоғарылатқан сайын  $\omega_5$  жылдамдығы төмендейді,  $U_{61} - U_{ж}$  айрымы  $V_2$  стабилитронның тұрақтандыру кернеуіне тең максималды шамамен шектеледі, осы кернеуге сәйкес келетін түрлендіргішті басқару  $U_{6, \max}$  кернеуі ИФБЖ-ін тиристормен  $\alpha_{\min}$  минималды басқару бұрышын қамтамасыз етеді (1.3, г сурет)

КТТ қозғалтқыш статорындағы орамға толық кернеуді береді, оның жылдамдығының ары қарай төмендеуі  $\alpha_5$  кезіндегі сипаттама бойынша орындалады.



1.3 сурет – КТТ-АҚ-ң тұйықталған жүйесінің функционалды сұлбасы және сипаттамалары

Жылдамдықты тұрақтандыру режимінде берілген кернеуді төмендету  $U_{62}$  кезінде  $\omega_1'$  -тен  $\omega_1'$ -дейінгі аралықта жылдамдықтың төменгі мәнінде орындалады. Сәйкесінше  $U_6$  өзгерісін қозғалтқыш жылдамдығын реттеу арқылы аламыз.

КТТ-АҚ-ң басқару жүйесінің орнықты режимі төмендегі теңдеумен өрнектеледі:

$$U_{ТБ} = K_B(U_B - K_c\omega), \quad (1.1)$$

мұндағы  $U_B$  – берілген кернеу жылдамдығы;

$U_{ТБ}$  – КТТ-ң басқару кернеуі;

$K_c$  – аралық күшейткіштің күшейту коэффициенті.

КТТ басқару бұрышы ИФБЖ-ң реттеу сипаттамасына негізделе отырып анықталады (1.3, г сурет):

$$\alpha = \alpha_{пр} - K_{ТБ}U_{ТБ}, \quad (1.2)$$

мұндағы  $\alpha_{пр} = 150^\circ$  – 1.3, б суретте көрсетілген сұлба үшін басқару бұрышының шекті мәні;

$K_{ТП} = \frac{\Delta\alpha}{\Delta U_{ТП}}$  – ИФБЖ беру коэффициенті.

1.1 және 1.2 теңдеулері арқылы төмендегі теңдеуді аламыз:

$$\alpha_{пр} - \alpha = K_B K_{ТБ}(U_B - K_c\omega). \quad (1.3)$$

Тұйықталған КТТ-АҚ жүйесінің жылдамдық сипаттамасының теңдеуі:


$$\omega = \omega_0 - \Delta\omega = \frac{U_6}{K_c} - \frac{\alpha_{пр} - \alpha}{K_c K_B K_{ТБ}}. \quad (1.4)$$

1.4 теңдеу арқылы КТТ-АҚ жүйесінің механикалық және электр механикалық сипаттамаларын тұрғызуға болады.

Қарастырылып отырған электр жетегінің басқару жүйесінің берілген жылдамдықпен қозғалтқышының іске қосылуы берілген кернеудің бірлік секіріс түрінде орындалады. Сонымен қатар бірінші уақыт аралығында күшейткіштің кірісіне кернеу беріледі. Кіріс кернеуі  $V_2$  стабилизатор арқылы шектеледі, берілетін басқару бұрышы  $\alpha_{мин.}$ , ал КТТ қозғалтқыштың қоректендіру көзінің максималды кернеуі, оған 1.3, б суреттегі механикалық сипаттама сәйкес келеді. Бұл сипаттамада қозғалтқыш жылдамдығы  $\omega_5$  дейін өседі. Қозғалтқыш жылдамдығы  $\omega_5$ -тен  $\omega_{ор.}$  дейін өседі.

Қозғалтқыштың максималды соғу моменті іске қосу мен реверс кезіндегі өтпелі процесстің басында пайда болады. Моменттің апериедты және периодты еркін құраушылары қозғалтқыш жылдамдығына дейін толық өшіреді, бұл критикалық моментке сәйкес келеді. Еркін құраушылардың әсер

ету уақыты қозғалтқыш жылдамдығы мен параметрлеріне тәуелді бос токтардың өшу коэффициентімен анықталады. Моменттің максималды соғуы қозғалтқыштың іске қосылуы мен критикалық моменттерінен жоғары болады. Электр магнитті өтпелі процесстер электр жетегіне керсінше әсер етеді, оның ұзақ жұмыс жасуын және жұмысқа қаблеттілігін төмендетеді. Соғу моментінің әр түрлі шектеу әдістері және өтпелі процессте қозғалтқыш моментін жайлап өзгертетін әдістері болады. Ол үшін тұйықталған КТТ-пен электр жетегін басқару жүйесінде статор тогы бойынша кері байланысы болады. Мұндай жүйенің функционалды сұлбасы 1.4 суретте көрсетілген. Ток бойынша кері байланыс қозғалтқыш статорындағы кернеуді төмендетеді, одан кейін электр магнитті өтпелі сипаттамасы біткеннен кейін жоғарылатады.



1.4 сурет – Жылдамдық пен ток бойынша кері байланыстан тұратын ЭЖБЖ-ң функционалды сұлбасы

Асинхронды қозғалтқыштан тұратын ЭЖБЖ және токтың теріс кері байланысы бойынша жүйенің механикалық және электр механикалық сипаттамалары әр түрлі  $\alpha$  бұрыштарымен ажыратылған жүйенің сипаттамасымен тұрғызылады.

Айнымалы токты асинхронды қозғалтқыштан тұратын ЭЖБЖ сызықты емес дифференциалдық теңдеулерімен жазылатын сызықты емес объекіден тұрады. КТТ басқарылатын түрлендіргіш ретінде синусойдалы емес кернеумен қамтамасыз етіледі.



## 2 Шахта конвейерінің басқару жүйесін құру

### 2.1 Бір қозғалтқыштан тұратын асинхронды электр жетегі

Ленталы конвейер жетегінің қозғалтқышы үшін қуаты:

$$P = \frac{K}{\eta} \left( \frac{2q_0 L \cos \beta W_{\text{вор}} \vartheta}{102} + \frac{qL \cos \beta W_{\text{гр}}}{102} \pm \frac{qL \sin \beta \vartheta}{102} \right), \text{ кВт}, \quad (2.1)$$

мұндағы  $K$  — барабан шықпаларындағы кедергіні ескерген кездегі коэффициент;

$W_{\text{вор}}$  — конвейер бос жүрісте жұмыс жасау кезіндегі коэффициент. Оны лентаның салмағын және дөңгелектердің тірегіншігін ескеретін  $C$  коэффициенті арқылы анықтауға болады:

$$C = \frac{2q_0 W_{\text{вор}}}{102}. \quad (2.2)$$

Оны түрлендіре отырып төмендегі теңдеуді аламыз:

$$W_{\text{вор}} = \frac{102C}{2q_0}; \quad (2.3)$$

мұндағы  $W_{\text{гр}}$  — жүктелген конвейердің жұмысы кезіндегі коэффициент. (есептеулер кезінде  $W_{\text{гр}} \approx 0,05$  қабылдаймыз);

$q$  — конвейердің 1 м ұзындығында орналасқан жүктің салмағы, кг/м.:

$$q = \frac{Q}{3,6\vartheta}; \quad (2.4)$$

#### 2.1 кесте – Ленталы конвейердің берілген параметрлері

Параметрлердің аталуы	Мәндері
Конвейер ұзындығы $L$ , м.	15 м
Конвейердің иіліу бұрышы, $\beta$ , град.	30
Жетектің беру механизмінің ПӘК, $\eta$	0,9
Бір метр лентаның салмағы, $q_0$ , кг/м.	15
Конвейер өнімділігі, $Q$ , т/сағ.	63
Жылдамдығы, $\vartheta$ м/с.	1,6
Коэффициенті, $K$	1,25
Лентаның салмағын және дөңгелектердің тірегіншігін ескеретін коэффициенті, $C$	0,018
Лентаның ұзындығы, $D$ , мм	800

Онда:

$$W_{\text{вop}} = \frac{102 \cdot 0,018}{2 \cdot 15} = 0,0612,$$

$$q = \frac{63}{3,6 \cdot 1,6} = 10,94 \text{ кг/м.}$$

Жоғарыдағы параметрлерге сәйкес алынған қозғалтқыш қуаты:

$$P = \frac{1,25}{0,9} \left( \frac{2 \cdot 15 \cdot 15 \cdot 0,154 \cdot 0,0612 \cdot 1,6}{102} + \frac{2 \cdot 10,94 \cdot 15 \cdot 0,154 \cdot 0,05}{102} \pm \frac{10,94 \cdot 15 \cdot 0,99 \cdot 1,6}{102} \right) = 33,32 \text{ Вт.}$$

Қуаттың мәні арқылы қуаты 37 кВт болатын 4А225М6У3 түріндегі қозғалтқыш таңдалды.

2.2 кесте – Асинхронды электр қозғалтқыштың параметрлері


Атауы	Параметрлері
Қуаты $P_n$ , кВт	37
Кернеуі $U_n$ , В	220
Қуат коэффициенті $\cos \varphi$	0,89
ПӘК $\eta$ , %	91
Активті кедергілері:	
$R_1'$	0,029
$R_2''$	0,021
Индуктивті кедергілері:	
$X_1'$	0,094
$X_2''$	0,021
$X_m'$	1,1

## 2.2 КТТ-АҚ жүйесінің құрылымдық сұлбасы

Асинхронды қозғалтқыштың ортнықты күйдегі жұмыс режимінде қозғалыс жылдамдығын жоғары дәлдікпен реттеуді қажет емепейтін жүйеде, шахта конвейерінің жұмысына қажетті кернеуді тиристорлы реттеуі бар асинхронды қозғалтқыш таңдалады. КТТ-ті таңдаудың артықшылықтары: ПӘК жоғары, бағасы арзан, техникалық қызмет көрсетуі қарапайым, жұмыс жасауға қабылеттігі жоғарғы, электр қуатын үнемдеуінде.

Тұйықталған кернеуді тиристорлы реттеу – асинхронды қозғалтқыш жүйесінің құрылымдық сұлбасы 2.1 суретте көрсетілген.

Құрылымдық сұлбада КТТ-АҚ жүйесінің жылдамдықты реттеу сипаттамасы  $\omega = U_{j.c}/k_{o.c}$  арқылы анықталады. Статор тогындағы жылдамдықты басқару сигналының барлық аралығында электр жетегінің механикалық сипаттамалары абсолютті қаттылыққа ие болуы керек. Алайда, КТТ-ң шығыс кенеуін асинхронды қозғалтқыштың номиналды кернеу мәніне дейін шектелуіне, аз жүктеу кезіндегі  $k_u$  беру коэффициентін нөлге дейін төмендеуі асинхронды қозғалтқыштың критикалық моментіне жақын жүктемелерін, шекті сипаттамаларға жақын механикалық сипаттамалардың қатандығы айтарлықтай аз болады.



ЖР – жылдамдық реттегіш; ТР – ток реттегіш; КТТ – кернеуді тиристорлы түрлендіргіш; АҚ – асинхронды қозғалтқыш.

2.1 сурет – Кернеуді тиристормен түрлендіргіш жүйесінің құрылымдық сұлбасы

Асинхронды қозғалтқыш жылдамдығының төмендеуі статор орамындағы кернеуді төмендетуге байланысты болғандықтан, қозғалтқышты қыздыру жағдайында рұқсат етілген момент  $M / J_{oII}$  сырғанауға кері пропорционалды тәуелділікпен азаяды, онда асинхронды электр жетегінің тұйық контурлы жүйелерін қолдану аймағы тек статор кернеуіне әсер етеді, онда жүктеме моменті жылдамдықтың төмендеуімен айтарлықтай төмендейді.

Асинхронды қозғалтқыштың құрылымдық сұлбасы  $W(p) = 1/JS$  беріліс функциясымен жазылған  $K_w$  кері байланысы бар интегралдаушы буыннан және  $K_u$  беріліс коэффициенті бар  $U_p$  кіріс кернеуінен тұрады. КТТ-АҚ жүйесінің кернеуді тиристорлы түрлендіргіші инерциялық-динамикалық буынмен құрылымдық сұлбада көрсетілген. Оның беріліс функциясы:

$$W_p(p) = K_p / (T_p S + 1), \quad (2.5)$$

мұндағы  $K_p$  - КТТ-ң беріліс коэффициенті;

$T_p$  – тұрақты уақыты.

ПИ реттегішінің беріліс функциясынан тұратын реттеу жылдамдығының теңдеуі:

$$W_{\text{PM}} = \frac{T_{os}+1}{T_{os}}. \quad (2.6)$$

Құрылымдық сұлбада жылдамдық кері байланысы  $K_{\text{кб}}$  кері байланыс коэффициентінен тұратын инерциялық емес буынмен көсетілген.

КТТ-АҚ жүйесінің құрылымдық сұлбасының математикалық жазылуы жүйенің беріліс функциясына негізделген.

Асинхронды қозғалтқыш қозғалысының математикалық сипаттамасы беріліс функциясына сәйкес келесі формуламен жазылады:

$$\frac{\omega}{M} = W(p) = 1/JP, \quad (2.7)$$

мұндағы  $\omega$  — қозғалтқыш білігінің айналу бұрышының жиілігі;

$M$  — қозғалтқыштың электр магнит моменті;

$J$  — қозғалыстың инерция моменті.

Қозғалтқыштың дифференциалды теңдеуі:

$$\frac{Jd\omega}{dt} = M, \quad (2.8)$$

немесе

$$\frac{d\omega}{dt} = \frac{1}{\beta T_M} \cdot M, \quad (2.9)$$

Қозғалыстың инерция моменті:

$$J = \beta T_M. \quad (2.10)$$

мұндағы  $\beta$  — қозғалтқыштың механикалық сипаттамасының қатандығы;

$T_M$  — электр механикалық уақыт тұрақтысы.

Электр механикалық моменттің теңдеуі:

$$M = K_U U_1 - K_\omega \omega - M_c, \quad (2.11)$$

мұндағы  $U_1$  — КТТ шығысындағы кернеу;

$M_c$  — асинхронды қозғалтқыштың статикалық моменті.

КТТ-ң беріліс функциясы:

$$U_1 = \frac{K_p}{T_p s + 1} U_{pc}. \quad (2.12)$$

(2.11) теңдеуіне (2.12) теңдеуін қоя отырып  $M=const$  кезіндегі теңдеу алынады:

$$M = K_U \cdot \frac{K_p}{T_p S + 1} U_{pc} - K_\omega \omega - M_c. \quad (2.13)$$

Бұл алынған теңдеуді төмендегі түрде жазамыз:

$$T_p \frac{dM}{dt} + M = K_U \cdot K_p \cdot U_{pc} - K_\omega (T_p S + 1) \omega - M_c. \quad (2.14)$$

$$\frac{dM}{dt} = \frac{K_U \cdot K_p}{T_p} U_{pc} - K_\omega \frac{d\omega}{dt} - \frac{K_\omega}{T_p} \omega - \frac{1}{T_p} M_c - \frac{1}{T_p} M, \quad (2.15)$$

мұндағы  $U_{pc}$  – жылдамдықты реттеудің шығысындағы кернеу.

(2.7) теңдеуін (2.9) теңдеуіне қоя отырып  $K_\omega = \beta$  кезіндегі теңдеуді аламыз:

$$\frac{dM}{dt} = \frac{K_U \cdot K_p}{T_p} U_{pc} - \frac{\beta}{T_p} \omega - \frac{1}{T_p} M_c - \left( \frac{1}{T_M} + \frac{1}{T_p} \right) \cdot M. \quad (2.16)$$

Реттеуіштің беріліс функциясына және  $U_z = const$  негізделе отырып алынған реттеу жылдамдығының теңдеуі:

$$W_{pm} = \frac{U_{pc}}{U_z - K_\omega \omega} = \frac{T_1 p + 1}{T_2 p + 1}, \quad (2.17)$$

Осыдан:

$$T_2 \frac{dU_p}{dt} + U_{pc} = U_z - K_{oc} \cdot T_1 \cdot \frac{d\omega}{dt} - K_\omega \omega. \quad (2.18)$$

(2.18) теңдеуіне (2.8) жылдамдық туындысының теңдеуін қоя отырып төмендегі теңдеуді аламыз:

$$\frac{dU_{pc}^1}{dt} = \frac{1}{T_z} U_z - \frac{K_{oc} \cdot T_1}{T_2 \cdot \beta \cdot T_M} - \frac{K_{oc}}{T_2} \omega - \frac{1}{T_2} U_{жр}, \quad (2.19)$$

мұндағы  $T_1, T_2$  — жылдамдық реттегіштің динамикалық буынының уақыт тұрақтылары.

(2.8), (2.16) және (2.19) теңдеулер арқылы КТТ-АҚ-ң тұйықталған жүйесінің математикалық жазылуы:

$$\frac{dx_1}{dt} = a_1 x_2; \quad (2.20)$$


$$\frac{dx_2}{dt} = a_2 x_3 - a_3 x_1 - a_4 x_2 - a_5 M_c;$$

$$\frac{dx_3}{dt} = a_6 U_7 - a_7 x_2 - a_8 x_1 - a_9 x_3;$$

$$\begin{aligned} \text{мҮНДАҒЫ } a_1 &= \frac{1}{\beta T_M}; \\ a_2 &= \frac{K_U \cdot K_p}{T_p}; \quad a_3 = \frac{\beta}{T_p}; \\ a_4 &= \frac{1}{T_M} + \frac{1}{T_p}; \quad a_5 = \frac{1}{T_p}; \\ a_6 &= \frac{1}{T_z}; \quad a_7 = \frac{K_{oc} \cdot T_1}{T_2 \cdot \beta \cdot T_M}; \\ a_8 &= \frac{K_{oc}}{T_2}; \quad a_9 = \frac{1}{T_2}; \\ x_1 &= \omega; \quad x_2 = M; \\ x_3 &= U_{pc}. \end{aligned}$$

### 2.3 Шахта конвейерінің электр жетегінің MATLAB бағдарламасы бойынша құрылымдық сұлбасы және математикалық моделі

Технологиялық процестің беріліс функциясын ескере отырып, екі қозғалтқышты конвейердің MATLAB бағдарламасы бойынша құрылған құрылымдық сұлбасы 2.2 суретте көрсетілген.



2.2 сурет — Екі қозғалтқышты электр жетегінің MATLAB бағдарламасы бойынша құрылған құрылымдық сұлба

2.2 суретте  $K_3$  және  $K_4$  күшейту коэффициенттерімен конвейердің асинхронды электр жетегінің әрбір кернеуді тиристорлы түрлендіргішінің шығысы арқылы кернеудің кері байланысы енгізілген. Кері байланыстар

коэффициентін  $K_{кб}$  ескере отырып, кернеулер қосындыланып, жылдамдық реттегішінің кірісіне беріледі. Асинхронды электр жетегінің әрбір қозғалтқышының ротор білігінің айналуын сәйкестендіру үшін кернеудің кері байланысы енгізілген. Технологиялық процесс төмендегі беріліс функциямен жазылатын инерциалы буынмен алынған:

$$W(S) = K_q / (T_{жр} S + 1). \quad (2.21)$$

Жылдамдықтың кері байланысының болмауы шахта конвейерлерінің жұмыс ерекшеліктеріне байланысты жылдамдық датчиктері орнатылмайды.

Конвейердің технологиялық процесі үшін алдымен ленталы конвейердің екі қозғалтқыштан тұратын асинхронды электр жетегінің математикалық сипаттамасы қарастырылады. Конвейер лентасының керілу динамикасын қандай дифференциалдық теңдеу сипаттайды соны қарастырамыз. Лентаның  $\ell$  созылу бөліміндегі жұмыс сипаты:

- а) лента біркелкі және бүкіл ұзындығы бойынша бірдей өлшемдерге ие;
- б) лентаның салмағы оның пішінінің өзгеруіне әсер етпейді;
- в) барабандарға қатысты қозғалмалы белдіктің сырғуы болмайды;
- г) лентаның пішінінің өзгеруі лентаның көлденең қимасы бойынша біркелкі үлестірілуімен серпімді сипатқа ие.

Лентаның созылу процессін төмендегі дифференциалдық теңдеумен жазуға болады:

$$\varepsilon = \frac{1}{\ell \cdot p} (\vartheta_2 - \vartheta_1 (1 + \Sigma)), \quad (2.22)$$

мұндағы  $\varepsilon = \Delta\ell / \ell$  - лентаның созылу коэффициенті;

$p$  - дифференциалдау операторы;

$\vartheta_2, \vartheta_1$  - жоғарғы және төменгі аймақтағы конвейер лентасының сызықты жылдамдықтары;

$\Delta\ell$  - лентаның созылуының абсолютті мәні.

Лентада пайда болатын тартылыс  $\Delta\ell$  мәніне байланысты болады. Оның теңдеуі:

$$F = C \Delta\ell. \quad (2.23)$$

(2.23) теңдеуіндегі  $\Delta\ell$  орнына  $\Delta\ell = \ell \cdot \varepsilon$  теңдеуін қойсақ:

$$F = C \cdot \ell \cdot \varepsilon, \quad (2.24)$$

мұндағы  $C$  - тарту кезіндегі лентаның қатаңдық коэффициенті.

(2.24) теңдеуге (2.22) теңдеуді қойсақ:

$$\frac{dF}{dt} = C \cdot (\vartheta_2 - \vartheta_1 (1 + \Sigma)). \quad (2.25)$$

(2.25) теңдеу арқылы алынған теңдеу:

$$\frac{d\Delta F}{dt} = \frac{cQ\delta}{j_1} \Delta\omega_2 - \left(1 + \frac{1}{c \cdot \ell} F^\circ\right) \frac{cR_\delta}{j_1} \Delta\omega_1 - \frac{R_\delta}{j_1 \cdot \ell} \omega^\circ \Delta F, \quad (2.26)$$

мұндағы  $R_\delta$  — барабан радиусы;

$\ell$  — ленталы конвейердің ұзындығы;

$j_1$  және  $j_1$  — қозғалтқыштың бірінші және екінші инерция моменті;

$F^\circ$  және  $\omega^\circ$  — лентаның салыстырмалы ұзаруының бастапқы мәні және қозғалтқыш білігінің айналу жылдамдығының бастапқы мәні.

$\varepsilon^\circ$  салыстырмалы созылуының бастапқы мәні бірден төмен болады, онда (2.26) теңдеуін өсу символы алынып тасталғанда келесідей жазылуы мүмкін:

$$\frac{dF}{dt} = K_2 \omega_2 - K_1 \omega_1 - \frac{1}{T_q} F, \quad (2.27)$$

$$\text{мұндағы } K_1 = \frac{R_\delta}{j_1}; \quad K_2 = \frac{R_\delta}{j_2}; \quad K_q = \frac{c\ell j}{\omega R_\delta}; \quad T_q = \frac{\ell j_1}{\omega^\circ R_\delta}.$$

Конвейердің екі қозғалтқыштан тұратын электр жетегінің әрбір қозғалтқышы үшін моменттің тепе-теңдік теңдеулері координаталық өсіммен жазылады:

$$\begin{aligned} \frac{d\omega_1}{dt} &= \frac{1}{\beta \cdot T_M} (K_U U_1 - K_\omega \omega_1 - M_{c_1} + R_\delta \cdot F); \\ \frac{d\omega_2}{dt} &= \frac{1}{\beta \cdot T_M} (K_U U_2 - K_\omega \omega_2 - M_{c_2} + R_\delta \cdot F). \end{aligned} \quad (2.28)$$

Тиристорлық кернеу түрлендіргішінің теңдеулері:

$$\frac{dU_1}{dt} = \frac{K_p}{T_p} U_{\text{рн}} - \frac{1}{T_p} U_1; \quad (2.29)$$

$$\frac{dU_2}{dt} = \frac{K_p}{T_p} U_{\text{рн}} - \frac{1}{T_p} U_2. \quad (2.30)$$

Кернеу реттегішінің теңдеулері:

$$\begin{aligned} \frac{dU_1}{dt} &= \frac{1}{T_2} U_z - \left( \frac{K_{oc} \cdot K_3 \cdot K_p \cdot T_1}{T_2 \cdot T_p} + \frac{K_{oc} \cdot K_4 \cdot K_p \cdot T_1}{T_2 \cdot T_p} + \frac{1}{T_2} \right) U_{\text{рн}} - \left( \frac{K_{oc} \cdot K_3 \cdot T_1}{T_2 \cdot T_p} + \frac{K_{oc} \cdot K_3}{T_2} \right) U_1 - \\ &\quad - \left( \frac{K_{oc} \cdot K_4 \cdot T_1}{T_2 \cdot T_p} + \frac{K_{oc} \cdot K_4}{T_2} \right) U_2, \end{aligned} \quad (2.31)$$

мұндағы  $T_1, T_2$  — уақыт тұрақтары;

$T_p$  — КТТ-ң тұрақты уақыты;



$K_3, K_4$  —  $U_1, U_2$  кернеу бойынша кері байланыстың коэффициенттері;  $K_{к6}$  — әрбір қозғалтқыштың КТТ шығысындағы қосындыланған кернеу үшін кері байланыс коэффициенті. Екі қозғалтқышты асинхронды электр жетегінің қозғалысының динамикасының математикалық сипаттамасын келесі сызықтық теңдеулермен жазуға болады  $K_\omega = \beta$ :

$$\frac{dx_1}{dt} = \frac{K_U}{\beta T_M} x_2 - \frac{1}{T_M} x_1 - \frac{1}{\beta T_M} M_{c1} + \frac{R_{\delta 1}}{\beta T_M} x_5;$$

$$\frac{dx_2}{dt} = \frac{K_p}{T_p} x_6 - \frac{1}{T_p} x_2;$$

$$\frac{dx_3}{dt} = \frac{K_U}{\beta T_M} x_4 - \frac{1}{T_M} x_3 - \frac{1}{\beta T_M} M_{c2} + \frac{R_{\delta 1}}{\beta T_M} x_5;$$

$$\frac{dx_4}{dt} = \frac{K_p}{T_p} x_6 - \frac{1}{T_p} x_4;$$

$$\frac{dx_5}{dt} = K_2 \omega_2 - K_1 \omega_1 - \frac{1}{T_q} F;$$

$$\frac{dx_6}{dt} = \frac{1}{T_2} U_z - a x_2 - b x_4 - c x_6; \quad (2.32)$$

мұндағы  $a = \frac{K_{oc} \cdot K_3 \cdot T_1}{T_2 \cdot T_p} + \frac{K_{oc} \cdot K_3}{T_2}$ ;

$$b = \frac{K_{oc} \cdot K_4 \cdot T_1}{T_2 \cdot T_p} + \frac{K_{oc} \cdot K_4}{T_2};$$

$$c = \frac{K_{oc} \cdot K_3 \cdot K_p \cdot T_1}{T_2 \cdot T_p} + \frac{K_{oc} \cdot K_4 \cdot K_p \cdot T_1}{T_2 \cdot T_p} + \frac{1}{T_2}.$$

#### 2.4 Ленталы конвейердің екі қозғалтқыштан тұратын электр жетегінің қозғалуының тұрақтылығы

Конвейердің екі қозғалтқыштан тұратын электр жетегінің беріліс функциясы (2.32) теңдеуге сәйкес MATLAB бағдарламасының көмегімен жүзеге асырылады. Осыған байланысты басқару жүйесін (2.32) теңдеуімен компьютерде шешуге ыңғайлы түрге келтіреміз. Басқару жүйесін келесідей жазуға болады:

$$\frac{dx_1}{dt} = a_1 \cdot x_2 - a_2 \cdot x_1 - b_1 + a_3 \cdot x_5;$$

$$\frac{dx_2}{dt} = a_4 \cdot x_6 - a_5 \cdot x_2;$$

$$\frac{dx_3}{dt} = a_6 \cdot x_4 - a_7 \cdot x_3 - b_2 + a_8 \cdot x_5;$$

$$\frac{dx_4}{dt} = a_9 \cdot x_6 - a_{10} \cdot x_4;$$

$$\frac{dx_5}{dt} = a_{11} \cdot x_3 - a_{12} \cdot x_1 - a_{13} \cdot x_5;$$

$$\frac{dx_6}{dt} = a_{14} \cdot U - a_{15} \cdot x_2 - b \cdot x_4 + c \cdot x_6; \quad (2.33)$$

$$\text{мҮНДАҒЫ } a_1 = \frac{K_U}{\beta T_M}; \quad a_2 = \frac{1}{T_M};$$

$$a_3 = \frac{R_{\delta_1}}{\beta T_M}; \quad a_4 = \frac{K_p}{T_p};$$

$$a_5 = \frac{1}{T_p}; \quad a_6 = \frac{K_U}{\beta T_M};$$

$$a_7 = a_2; \quad a_8 = a_3;$$

$$a_9 = \frac{K_p}{T_p}; \quad a_{10} = a_5;$$

$$a_{11} = \frac{R_{\delta}}{j_2}; \quad a_{12} = \frac{R_{\delta}}{j_1};$$

$$a_{13} = \frac{1}{T_q}; \quad a_{14} = \frac{1}{T_2};$$

$$a_{15} = U_{pH}; \quad a_{16} = b;$$

$$a_{17} = c; \quad x_1 = \omega_1;$$

$$x_2 = M_1; \quad x_3 = \omega_2;$$

$$x_4 = M_2; \quad x_5 = F; \quad x_6 = U_{жр}.$$

Енді жоғарыда келтірілген теңдеулер жүйесін жеңілдету үшін (2.33) теңдеуін төменде келтірілген 4А225М6У3 асинхронды қозғалтқыш коэффициенттерінің сандық мәндерімен жазамыз:

$$P = 37 \text{ кВт}, n = 1000 \text{ айн./мин}; \beta = 22,5;$$

$$K_U = 4,1; K_p = 10;$$

$$T_p = 0,033; T_1 = 0,2; T_2 = 0,4;$$

$$K_{кб} = 0,1.$$

Содан кейін электр жетегінің есептелген параметрлерін ауыстыра отырып, төмендегі теңдеуді аламыз:

$$\frac{dx_1}{dt} = 1,14 \cdot x_2 - 6,25 \cdot x_1 - 0,117 \cdot x_5;$$

$$\frac{dx_2}{dt} = 303,03 \cdot x_6 - 30,3 \cdot x_2;$$

$$\frac{dx_3}{dt} = 1,14 \cdot x_4 - 6,25 \cdot x_3 - 0,117 \cdot x_5;$$

$$\frac{dx_4}{dt} = 303,03 \cdot x_6 - 30,3 \cdot x_4;$$

$$\frac{dx_5}{dt} = 0,015 \cdot x_3 - 0,015 \cdot x_1 - 5 \cdot x_5;$$

$$\frac{dx_6}{dt} = 2,5 \cdot U - 0,35 \cdot x_2 - 0,35 \cdot x_4 + 8,56 \cdot x_6. \quad (2.34)$$

Алынған теңдеудің (2.34) жүйесін әр теңдеудің оң және сол жақтарын  $x_i$  ( $i=1,6$ ) индексімен айнымалының коэффициентіне бөле отырып, түрлендіру арқылы (2.34) теңдеулер жүйесін келесі түрде жазамыз:

$$(0,163 + 1)x_1 = 0,1824x_2 + 0,01872x_5;$$

$$(0,033P + 1)x_2 = 10x_6;$$

$$(0,16P + 1)x_3 = 0,1824x_4 - 0,01872x_5;$$

$$(0,033P + 1)x_4 = 10x_6;$$

$$(0,2p + 1)x_5 = 0,003x_3 - 0,003x_1;$$

$$(0,117P + 1)x_6 = 0,292U - 0,041x_2 - 0,041x_4, \quad (2.35)$$

мұндағы  $p = \frac{d}{dt}$  — дифференциалдау операторы.

MATLAB бағдарламасын пайдаланып, (2.35) теңдеулер жүйесін шешу үшін беріліс функциясын ескере отырып, келесі түрде жазамыз:

$$W_1 = 1/(0,16P + 1);$$

$$W_2 = 1/(0,033P + 1);$$

$$W_3 = 1/(0,16P + 1);$$

$$W_4 = 1/(0,033P + 1);$$

$$W_5 = 1/(0,2P + 1);$$

$$W_6 = 1/(0,117P + 1).$$

Осыған сәйкес (2.35) теңдеуі төмендегідей жазылады:

$$W_1 \cdot x_1 - 0,1824x_2 - 0,01872x_5 = 0;$$

$$0 \cdot x_1 + W_2 \cdot x_2 + 0 \cdot x_3 + 0 \cdot x_4 + 0 \cdot x_5 - 10x_6 = 0;$$

$$0 \cdot x_1 + 0 \cdot x_2 + W_3 \cdot x_3 - 0.1824 \cdot x_4 + 0.01872 \cdot x_5 + 0x_6 = 0;$$

$$0 \cdot x_1 + 0 \cdot x_2 + 0 \cdot x_3 + W_2 \cdot x_4 + 0 \cdot x_5 - 10x_6 = 0;$$

$$0.003 \cdot x_1 + 0 \cdot x_2 - 0.003 \cdot x_3 + 0 \cdot x_4 + W_5 \cdot x_5 + 0x_6 = 0;$$

$$0 \cdot x_1 + 0.041 \cdot x_2 + 0 \cdot x_3 + 0.041 \cdot x_4 + 0 \cdot x_5 + W_6x_6 = 0.3U. \quad (2.36)$$

Алынған (2.36) теңдеулер жүйесі ленталы конвейердің екі қозғалтқышты электр жетегінің беріліс функциясын MATLAB бағдарламалау ортасын пайдалану арқылы анықтауға мүмкіндік береді. Беріліс функциясы және есептеу нәтижелері 2.3 суретте келтірілген.

```

1 - syms w1 w2 w3 w4 w5 w6
2 - A=[w1 -0.1824 0 0 -0.01872 0;0 w2 0 0 0 -10;...
3     0 0 w3 -0.1824 0.01872 0;0 0 0 w4 0 -10;...
4     0.003 0 -0.003 0 w5 0;0 0.04 0 0.04 0 w6];
5 - b=[0;0;0;0;0;5];
6 - C=rref([A b]);
7 - clc
8 - x=C(1:6,7:7);
9 - x1=x(1)
10 - w1=tf(1,[0.16 1]);
11 - w2=tf(1,[0.033 1]);
12 - w3=tf(1,[0.16 1]);
13 - w4=tf(1,[0.033 1]);
14 - w5=tf(1,[0.2 1]);
15 - w6=tf(1,[0.117 1]);
16 - G=(6250000*w3*w5*w1+351*w3+351*w1)/(5*w4*w6*w2+2*w4+2*w2)
17 - Ws=minreal(G)
18 - P=pole(Ws)
19 |

```

```

Transfer function:
36.2 s^5 + 2910 s^4 + 1.015e007 s^3 + 6.974e008 s^2 + 1.447e010 s + 7.905e010
-----
s^5 + 56.35 s^4 + 1364 s^3 + 1.434e004 s^2 + 6.677e004 s + 1.138e005
P =
-19.4250 +14.3325i
-19.4250 -14.3325i
-6.2500
-6.2500
-5.0000

```

2.3 сурет - Беріліс функциясы және есептеу нәтижелері

Есептеу нәтижелері көрсеткендей сипаттамалық теңдеудің түбірлері теріс нақты бөліктерден тұрады, бұл жүйенің тұрақтылығын білдіреді.

## 2.5 Ленталы конвейердің екі қозғалтқышты электр жетегінің параметрлерін синтездеу

Параметрлердің синтезі тек басқару жүйелері үшін жүзеге асырылады, өйткені конвейер асинхронды қозғалтқыштардың периметрлері қозғалтқышты есептеу үшін қолданылатын белгілі формулалар бойынша есептеледі. Параметрлердің синтезі асинхронды конвейер қозғалтқыштарының өтпелі процестерін бір уақытта визуалдаумен жетектің сапалы сипаттамаларын қамтамасыз ететін параметрлерді таңдауға мүмкіндік береді.

Параметрлерді синтездеу мәселесінің шешімі ленталы конвейердің екі қозғалтқышты электр жетегінің қозғалтқышының динамикасын сипаттайтын дифференциалдық теңдеулер жүйесінің көп өлшемділігін ескере отырып, компьютерде (ЭЕМ) шығарылады.

Екі қозғалтқышты асинхронды электр жетегінің басқару жүйесінің параметрлерін синтездеу басқару жүйесінің (2.36) теңдеу негізінде қарастырылады, оны келесі түрге келтіреміз:

$$\frac{dx_1}{dt} = 1,14 \cdot x_2 - 6,25 \cdot x_1 - 0,117 \cdot x_5;$$

$$\frac{dx_2}{dt} = 303,03 \cdot x_6 - 30,3 \cdot x_2;$$

$$\frac{dx_3}{dt} = 1,14 \cdot x_4 - 6,25 \cdot x_3 - 0,117 \cdot x_5;$$

$$\frac{dx_4}{dt} = 303,03 \cdot x_6 - 30,3 \cdot x_4;$$

$$\frac{dx_5}{dt} = 0,2 \cdot x_3 - 0,2 \cdot x_1 - 20 \cdot x_5;$$

$$\begin{aligned} \frac{dx_6}{dt} = \frac{1}{T_2} U_z - \left( \frac{0,2 \cdot K_{oc} \cdot T_1}{T_2 \cdot T_p} + \frac{0,2 \cdot K_{oc}}{T_2} \right) \cdot x_2 - \left( \frac{0,2 \cdot K_{oc} \cdot T_1}{T_2 \cdot T_p} + \frac{0,2 \cdot K_{oc}}{T_2} \right) \cdot x_4 - \\ - \left( \frac{0,2 \cdot K_{oc} \cdot T_1}{T_2 \cdot T_p} + \frac{0,2 \cdot K_{oc} \cdot K_p \cdot T_1}{T_2 \cdot T_p} + \frac{1}{T_2} \right) \cdot x_6, \end{aligned} \quad (2.37)$$

мұндағы  $T_p = 0,033$  — кернеуді тиристорлы түрлендірудің уақыт тұрақтысы;

$T_1, T_2$  - уақыт тұрақтылары;

$K_p$  - кернеуді тиристорлы түрлендірудің беріліс коэффициенті;

$K_{к6}$  - әрбір қозғалтқыштың КТТ шығысындағы кернеу бойынша кері байланыс коэффициенті.

Алгоритм бойынша құрастырылған параметрлерді синтездеу бағдарламасы төменде көрсетілген.

```
function SiNTEZ_CAY01
    global Kp
    global Koc
    global T1
    global T2
    clc
    n=6; r=0; m=100;
    for i=1:m
        h=0.5; q1=1.0e6;
        Kp=rand*100;Koc=rand;
        T1=rand*0.3; T2=rand;
        x(6)=0.01;
        while x(6)<=1
            x(5)=0.01;
            while x(5)<=1
                x(4)=0.01;
                while x(4)<=1
                    x(3)=0.01;
                    while x(3)<=1
                        x(2)=0.01;
                        while x(2)<=1
                            x(1)=0.01;
                            while x(1)<=1
                                h1=0.01; i=1;
                                while i<=n u(i)=x(i)+h;
                                    v(i)=x(i)-h; j=1;
                                    while j<=n
                                        if j~i u(j)=x(j);v(j)=x(j);end
                                        j=j+1;end
                                    z1=u(1); z2=u(2);
                                    z3=u(3); z4=u(4);
                                    z5=u(5); z6=u(6);
                                    f2=podpr1(z1,z2,z3,z4,z5,z6);
                                    z1=v(1); z2=v(2);
                                    z3=v(3); z4=v(4);
                                    z5=v(5); z6=v(6);
                                    f3=podpr1(z1,z2,z3,z4,z5,z6);
                                a(i)=(f2-f3)/2)/h; i=i+1;end;
                                Tp=0.033;
                                d(1)=1.14*x(2)-6.25*x(1)+0.117*x(5);
                                d(2)=(Kp/Tp)*x(6)-(1/Tp)*x(2);
                                d(3)=1.14*x(4)-6.25*x(3)+0.117*x(5);
                                d(4)=(Kp/Tp)*x(6)-(1/Tp)*x(4);
                                d(5)=0.2*x(3)-0.2*x(1)-20*x(5);
                                d(6)=-((0.2*Koc*T1)/(T2*Tp)+(0.2*Koc)/T2)*x(2)-...
                                    ((0.2*Koc*T1)/(T2*Tp)+(0.2*Koc)/T2)*x(4)-...
                                    ((0.2*Koc*T1)/(T2*Tp)+(0.2*Koc*Kp*T1)/(T2*Tp)+1/T2)*x(6);
```

```

q=abs(x(1)^2+x(2)^2+x(3)^2+x(4)^2+x(5)^2+x(6)^2+a(1)*d(1)+...
a(2)*d(2)+a(3)*d(3)+a(4)*d(4)+a(5)*d(5)+a(6)*d(6));
    if q<=q1 q1=q;end;
    x(1)=x(1)+h;end;
    x(2)=x(2)+h;end;
    x(3)=x(3)+h; end;
    x(4)=x(4)+h;end;
    x(5)=x(5)+h;end;
    x(6)=x(6)+h;end;
    r=r+1;
    if r>=m break;end;
end
clc
disp('Kp=');disp(Kp);
disp('Koc=');disp(Koc);
disp('T1=');disp(T1);
disp('T2=');disp(T2);
x0 = [0;0;0;0;0;0];
[T,X]=ode113(@rdur,[0 2],x0);
plot(T,X(:,1),'r.-')
hold on
grid on
hold off
    function dx=rdur(t,x)
dx=zeros(6,1);
Uz=10; Tp=0.033;
dx(1)=1.14*x(2)-6.25*x(1)+0.117*x(5);
dx(2)=(Kp/Tp)*x(6)-(1/Tp)*x(2);
dx(3)=1.14*x(4)-6.25*x(3)+0.117*x(5);
dx(4)=(Kp/Tp)*x(6)-(1/Tp)*x(4);
dx(5)=0.2*x(3)-0.2*x(1)-20*x(5);
dx(6)=(1/T2)*Uz-
((0.2*Koc*T1)/(T2*Tp)+(0.2*Koc)/T2)*x(2)-...
((0.2*Koc*T1)/(T2*Tp)+(0.2*Koc)/T2)*x(4)-...
((0.2*Koc*T1)/(T2*Tp)+(0.2*Koc*Kp*T1)/(T2*Tp)+1/T2)*x(6);
    end
    function f=podpr1(z1,z2,z3,z4,z5,z6)
n=6; k=1;
while k<=n l=k; while l<=n b(k,l)=rand; l=l+1;
end; k=k+1; end;
f=b(1,1)*z1^2+b(1,2)*z1*z2+b(1,3)*z1*z3+...
b(1,4)*z1*z4+b(1,5)*z1*z5+b(1,6)*z1*z6+b(2,2)*z2^2+...
b(2,3)*z2*z3+b(2,4)*z2*z4+b(2,5)*z2*z5+b(2,6)*z2*z6+...
b(3,3)*z3^2+b(3,4)*z3*z4+b(3,5)*z3*z5+b(3,6)*z3*z6+...
b(4,4)*z4^2+b(4,5)*z4*z5+b(4,6)*z4*z5+b(5,6)+b(5,5)*z5^2+...
b(5,6)*z5*z6+b(6,6)*z6^2;
    end
end
end

```

Бағдарламаның санау нәтижесі:


$$K_p=10.6439;$$

$$K_{oc}=0.4796;$$

$$T_1=0.0632;$$

$$T_2=0.3028.$$

